3 ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА 32
3.1 Термостат параметрі 32
3.2 Температура параметрлері туралы ескертулер 33
3.3 Аксессуарлар 34
3.3.1 Мұз науасы ***(кейбір үлгілерде)*** ***34***
4 АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ САҚТАУ 34
4.1 Тоңазытқыш бөлімі 34
4.2 Мұздатқыш бөлімі 35
5 ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ 39
5.1 Еріту 39
6 ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ОРНАЛАСТЫРУ 40
6.1 Тасымалдау және Орнын ауыстыру 40
7 САТУДАН КЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНА ҚОҢЫРАУ ШАЛУ АЛДЫНДА 41
8 ҚУАТТЫ ҮНЕМДЕУ ТУРАЛЫ КЕҢЕСТЕР 42

1 Қауіпсіздік нұсқаулары

1.1 Қауіпсіздік туралы ескертулер

Осы пайдаланушы нұсқаулығын мұқият оқыңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Құрылғы қосымшасында немесе ендірілген құрылымда желдету саңылауларын бөгемеңіз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Еріту процесін тездету үшін, өндіруші ұсынғаннан басқа механикалық құрылғыларды немесе басқа құралдарды пайдаланбаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Өндіруші ұсынған түрге жататын болмаса, электр құрылғыларды құрылғының тамақ сақтау бөлімдерінің ішінде пайдаланбаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Салқындатқыш тізбегін зақымдамаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Құрылғыны орналастыру кезінде, желілік сым зақымсыз екенін тексеріңіз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Құрылғының артына бірнеше тасымалды ұяларды немесе тасымалды қуат беру блоктарын қоймаңыз.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Құрылғының тұрақсыздығына байланысты қауіпті болдырмау үшін, құрылғыны нұсқауларға сай бекіту керек.

⚠ **ЕСКЕРТУ:** Құрылғы портативті немесе ұялы құрылғы емес және жұмыс істеп тұрған кезде оны жылжытуға болмайды.

⚠ Егер құрылғыда R600a салқындатқышы пайдаланылса (бұл ақпаратты кулердегі жапсырмадан білуге болады), құрылғының кулер элементтері зақымдалмауы үшін жөнелту және орнату кезінде сақ болу керек. R600a - қоршаған ортаға қауіпсіз, бірақ жарылғыш табиғи газ. Жарылғыш болғандықтан, кулер элементтерінің зақымдалуына байланысты ағып кету жағдайында, тоңазытқышты ашық жалыннан немесе жылу көздерінен алшақ жерге жылжытыңыз және құрылғы орналасқан бөлмені бірнеше минут бойы желдетіңіз.

- Тоңазытқышты ұстап жүру және орналастыру кезінде, кулердің газ тізбегін зақымдап алмаңыз.
- Тұтанғыш жарылғыш зат бар аэрозоль банкалары сияқты жарылғыш заттарды осы құрылғыда сақтамаңыз.
- Бұл құрылғы үйде және келесіге ұқсас мақсаттарда пайдалануға арналған
  - дүкендердегі, кеңселердегі және басқа жұмыс орталарындағы қызметкерлердің асүй аумақтары
  - ферма үйлер және қонақ үйлердің, мотельдердің және басқа тұрмыстық түрге жататын орталардың клиенттері;
  - төсек және тамақ түріне жататын орталар;
  - қоғамдық тамақтану және осыған ұқсас бөлшек сауда емес мақсаттар;

- Егер ұя тоңазытқыш қосқышына сәйкес болмаса, қауіптің алдын алу үшін оны өндіруші, оның сервистік агенті немесе ұқсас білікті адамдар ауыстыруы керек.
- Тоңазытқыштың қуат кабеліне арнайы жерге қосылған қосқыш жалғанған. Бұл ашаны кемінде 16 амперлік жерге дұрыс қосылған розеткамен пайдалану керек. Егер үйіңізде мұндай розетка болмаса, оны рұқсат етілген электрикке орнатқызыңыз.
- 8 жастан кіші балалар және дене, сенсорлық не ақыл қабілеті шамалы немесе тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар тек қарауда болғанда немесе құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану бойынша нұсқау алып, пайда болатын қауіптерді түсінсе ғана бұл құрылғыны пайдалануы мүмкін. Балалар құрылғымен ойнамау керек. Тазалау және пайдаланушының техникалық қызмет көрсету әрекеттерін балалар қадағалаусыз орындамау керек.
- 3 жас пен 8 жас аралығыдағы балаларға тоңазытқыш құрылғыларын жүктеуге және жүксіздендіруге рұқсат етілген. Балалар құрылғыны тазалауға немесе күтуге міндетті емес, тым кішкентай балалар (0-3 жас аралығында) құрылғыны пайдалана алмауы орынды, кішкентай балалар (3-8 жас аралығында) ересектердің тұрақты бақылауынсыз құрылғыны қауіпсіз қолдана

алмауы орынды, үлкенірек балалар (8-14 жас аралығында) және осал адамдар, тиісті қарауда болса, немесе құрылғыны қолдану жөнінде нұсқау берілгеннен кейін, құрылғыны қауіпсіз қолдана алады. Өте осал адамдар, тұрақты түрде қарауда болмаса, құрылғыны қауіпсіз қолдана алмауы орынды.

- Егер желілік сым зақымдалса, қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, оның сервистік агенті немесе ұқсас білікті адамдар ауыстыруы керек.
- Бұр құрылғы 2000 м асатын биіктіктерде пайдалануға арналмаған.

Тағамның зақымдалуына жол бермеу үшін, мына нұсқауларды орындаңыз:

- Есікті ұзақ уақыт бойы ашып тұру құрылғының бөлімдерінде температураны қатты арттыруы мүмкін.
- Тамақ тиетін беттерді және қол жетімді кәріз жүйелерін тұрақты түрде жуып тұрыңыз.
- Шикі ет пен балық басқа тамақпен араласып, немесе суы ағып кетпейтіндей, тоңазытқышта тиісті контейнерлерде сақталу керек.
- Екі жұлдызды тамақ қатыратын бөлімдер алдын ала мұздатылған тамақты сақтау үшін, балмұздақты жасау не сақтау үшін және мұз текшелерін жасау үшін арналған.
- Бір, екі және үш жұлдызды бөлімдер жаңа піскен тамақты қатыру үшін қолайсыз.

- Тоңазытқыш құрылғы ұзақ уақыт бойы бос тұрса, оны өшіріп, ерітіп, тазалап, құрғатыңыз және зеңнің қалыптасуын алдын алу үшін есікті ашық қалдырыңыз.

1.2 Орнату жөнінде нұсқаулық

Алғаш рет тоңазытқыш мұздатқышты қолданар алдында келесі шарттарға назар аударыңыз:

- Тоңазытқыш мұздатқыштың қолданыстық кернеуі 220-240В 50Гц
- Қосқыш орнатылғаннан кейін қолжетімді болу керек.
- Алғаш рет жұмыс істеген кезде, тоңазытқыш мұздатқыштың иісі болуы мүмкін. Бұл қалыпты жағдай, себебі мұздатқышсалқындай бастаған кезде иіс кетеді.
- Тоңазытқыш мұздатқышты қосар алдында, негізгі көрсеткіштер кестесіндегі ақпарат (кернеу және қосылған қуат) электр қуат беру көзінің ақпаратына сәйкес келетініне көз жеткізу керек. Егер күмәндансаңыз, білікті электрикке жолығыңыз.
- Қосқышты жарамды жермен байланысы бар ұяға салыңыз. Егер ұяда жермен байланыс болмаса, немесе қосқыш сәйкес келмесе, біз білікті электрикке жолығуға кеңес береміз.
- Құрылғыны дұрыс орнатылған біріккен ұяға қосу керек. Қуат беру блогі мен кернеу жұмыс істеу кезінде, құрылғының төлқұжатындағы ақпаратпен сәйкес келу керек (құрылғының төлқұжаты құрылғының сол жақ ішкі жағында орналасқан).
- Біз жерге қосылмаған пайдалануға байланысты орын алатын зақымдарға жауапкершілік алмаймыз.
- Тоңазытқыш мұздатқышты тікелей күн сәулесі түспейтін жерге қойыңыз.
- Тоңазытқыш мұздатқыш ешқашан далада немесе жаңбыр астында қалмауы керек.
- Құрылғы плиталардан, газ духовкаларынан және жылытқыш өзектерінен кемінде 50 см қашықтықта болуы керек, және электр духовкаларынан кемінде 5 см қашықтықта болуы керек.
- Тоңазытқыш мұздатқыш терең мұздатқыш жанына қойылғанда сыртында ылғалдылықты болдырмау үшін, олардың арасында кемінде 2 см болуы керек.
- Тоңазытқыш мұздатқыштың корпусын немесе жоғарғы жағын шілтермен жаппаңыз. Бұл тоңазытқыш мұздатқыштың өнімділігіне ықпал етеді.
- Құрылғының төбесінде ауалық аралық кемінде 100мм болу керек. Құрылғының төбесіне ешнәрсе қоюға болмайды.
- Құрылғыға ауыр заттар қоюға болмайды.
- Құрылғыны қолданар алдында мұқият жуу керек (Тазалау және техникалық қызмет көрсету бөлімін қараңыз).
- Тоңазытқыш мұздатқыштықолданар алдында, барлық бөліктерін жылы су және бір шай қасық сода гидрокарбонатының ерітіндісімен сүртіңіз. Содан кейін, таза сумен шайып құрғатыңыз. Жуып болғаннан кейін, тоңазытқыш мұздатқыштың барлық бөліктерін орнына салыңыз.
- Ас үй жиһазы жинағына орнатудың реті орнату бойынша нұсқаулықта берілген. Бұл өнім лайықты ас үй жиһазы жинағына қолдануға арналған.
- Құрылғының жерге параллель және тұрақты болуын қамтамасыз ету үшін, реттелетін алдыңғы аяқтарын реттеу керек. Қажет жаққа бұру арқылы аяқтарын реттеуге болады. Мұны тамақты тоңазытқышқа қою алдында орындау керек.

1.3 Қолдану барысында

- Тоңазытқыш мұздатқышты электр қуат беру көзіне ұзартқыш арқылы қоспаңыз.
- Зақымдалған, тозған немесе ескі қосқыштарды ұяға қоспаңыз.
- Сымды тартпаңыз, майыстырмаңыз немесе зақымдамаңыз.
- Қосқыш адаптерін қолданбаңыз.
- Бұл құрылғы ересектерге қолдануға

арналған. Балаларға құрылғымен ойнауға немесе есігіне сүйкеніп тұруға рұқсат бермеңіз.

- Қуат тығынын дымқыл қолмен ұстамаңыз. Бұл қысқа тұйықталу немесе электрлік шоқ туғызу мүмкін.
- Шыны бөтелкелерді немесе консерв банкілерді мұз жасайтын бөлімге салмаңыз, себебі оның ішіндегі заттар қатқан кезде атылып кетеді.
- Қауіпсіздік үшін, мұздатқышқа жарылғыш немесе тұтанғыш материалды салмаңыз. Құрамында алкоголі жоғары ішімдіктерді тоңазытқыш бөліміне тік қойыңыз және олардың қақпақтары дұрыс жабылғанын тексеріңіз.
- Мұз қатыратын бөліктен мұзды алған кезде, оны қолмен ұстамаңыз. Бұл күйік және/немесе жарақат тудыру мүмкін.
- Қатқан тамақтарға ылғалды қолдармен тимеңіз. Балмұздақты немесе мұз кубиктарын мұз қатыратын бөліктен алғаннан кейін бірден жемеңіз.
- Жібіген тамақты қайтадан қатырмаңыз. Бұл тамақтан улану сияқты денсаулық мәселелерін тудыруы мүмкін.

Ескірген және бұзылған тоңазытқыштар

- Егер ескі тоңазытқышта құлып бар болса, қоқысқа лақтыру алдында құлыпты бұзыңыз немесе алыңыз, өйткені балалар ішінде құлыпталып қалуы мүмкін және сәтсіз жағдай орын алуы мүмкін.
- Ескірген тоңазытқыштар мен мұздатқыштар құрамында оқшаулағыш материал және ХФК салқындатқыш зат болады. Сондықтан, тоңазытқышты қоқысқа лақтырған кезде, қоршаған ортаға зиян келтірмеуге тырысыңыз.

Ескірген құрылғыдан құтылу



Өнімдегі немесе оның орамасындағы символ оның үй қоқысы еместігін білдіреді. Оның орнына, ол электрлік және электронды жабдықтарды қайта жасап шығаратын тиісті жинау пунктіне тапсырылу керек. Бұл өнімді тиісті жерге тапсырудың арқасында, қоршаған ортаға және адам денсаулығына тигізетін жағымсыз салдардың алдын алуға болады, немесе қоқысты орынсыз қолданудың салдарынан аталған мәселелер туындау мүмкін. Бұл өнімді қайта жасап шығару жөнінде толығырақ ақпарат алу үшін, жергілікті қала кеңсесіне, үй қоқысын қабылдайтын сервиске немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

Орама және қоршаған орта




Орама материалдары құрылғыны тасымалдау кезінде болуы мүмкін зақымданудан қорғайды. Орама материалдары қайта жасап шығаруға болатындықтан қоршаған ортаға зиянсыз. Қайта өңделетін материалдарды пайдалану арқылы шикізат қолданысын азайтуға болады, соның нәтижесінде қоқыстың көлемі де азаяды.

Ескертпелер:

- Құрылғыны орнату және пайдалану алдында пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз. Біз дұрыс емес пайдалануға байланысты орын алған зақым үшін жауапты емеспіз.
- Құрылғыдағы және пайдалану нұсқаулығындағы барлық нұсқауларды орындаңыз, және болашақта орын алуы мүмкін мәселелерді шешу үшін, осы нұсқаулықты қауіпсіз жерде сақтаңыз.
- Бұл құрылғы үйлерде пайдалану үшін жасалған, және оны тек үй орталарында және көрсетілген мақсаттарда пайдалануға болады. Ол коммерциялық немесе жалпы пайдалану үшін жарамсыз. Мұндай пайдалану құрылғы кепілдігінің жойылуына әкеледі және біздің компания орын алатын зақымдарға жауапты болмайды.
- Бұл құрылғы үйлерде пайдалану үшін жасалған, және тек тамақтарды салқындату/сақтау үшін жарамды. Ол коммерциялық немесе жалпы

пайдалануға және/немесе тамақтан басқа заттарды сақтауға жарамсыз. Біздің компания құрылғыны орынсыз қолданудың салдарынан туындайтын зақымдарға жауапты емес.

2 ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ



Бұл көрсетілім тек құрылғының бөліктері туралы ақпарат беруге арналған. Бөліктер құрылғы үлгісіне сай өзгеріп отыруы мүмкін.

A) Мұздатқыш бөлімі

B) Тоңазытқыш бөлімі

1) Тоңазытқыш сөресі
2) Контейнер қақпағы
3) Жемістер мен көкөністер контейнері
4) Термостат дискі
5) Түзегіш аяқтары
6) Бөтелкелер сөресі
7) Есік сөрелері
8) Жұмыртқа ұстағышы
9) Мұз қорабының науасы

3 ҚҰРЫЛҒЫНЫ ПАЙДАЛАНУ АЛДЫНДА

«Есік ашық» индикаторы;

Тұтқадағы «Есік ашық» индикаторы есіктің дұрыс жабылғанын немесе ашық қалғанын көрсетеді.

Индикатор қызыл болып жанса, есік ашық қалған.

Индикатор ақ болып жанса, есік дұрыс жабылған.

(Суреттер тек бейнелеу мақсатында көрсетілген)




Мұздатқыш камераның есігі әрқашан жабық болуы керек. Солайша азық-түліктер еріп кетпейді. Сонымен қатар мұздатқыш камераның ішінде мұз бен қыраудың қатпауына, энергияның шамадан тыс жұмсалмауына септігін тигізеді.

3.1 Термостат параметрі

Термостат мұздатқыш және тоңазытқыш камералардағы температураны автоматты түрде реттейді. Тоңазытқыш температурасын тұтқаны үлкенірек санға бұрау арқылы өзгертуге болады: 1-ден 3-ке дейін, 1-ден 5-ке дейін немесе SF (термостаттағы сандардың үлкендігі өніміңіздің қандай екеніне байланысты).

Муҳим эслатма: Күту режимі түймесін басу өнімнің жұмысын тоқтатады.



Термостат параметрі

1-2: Азық-түліктерді қысқа уақытқа сақтау үшін

3 – 4 : Азық-түліктерді ұзақ уақытқа сақтау үшін

5 : Барынша мұздату қалпы. Қажет болған жағдайда температура баптауын өзгертіңіз.

Құрылғыда SF позициясы болса:

- Таза тағамды жылдам мұздату үшін тұтқаны SF күйіне бұраңыз. Бұл күйде мұздатқыш бөлімі төмен температураларда жұмыс істейді. Тағамды мұздатқан соң, термостат дискісін қалыпты пайдалану күйіне бұраңыз. SF қалпын өзгертпесеңіз, сіздің құрылғыңыз автоматты түрде ескертпеде көрсетілген уақытқа сай термостаттың соңғы қолданыста болған қалпына оралады. Термостаттың ауыстырып қосқышын SF қалпына қайтарыңыз және ескертпеде көрсетілген уақытқа сай қалыпты пайдалануға қойыңыз. Құрылғыны бірінші мәрте іске қосқан кезде термостаттың ауыстырып қосқышы SF қалпында болса, құрылғыңыз ескертпеде көрсетілген уақытқа сай термостат-3 жұмыс қалпына автоматты түрде оралады.

Супер режим max 48 сағаттан кейін автоматты түрде жойылады.

Күту режимі қосқышы (Stand-By Switch)

Бұл тоңазытқыш термостат қорабында орналасқан Қосу/Өшіру (On/Off) қосқышымен жабдықталған. Бұл функция құрылғының электр тізбегін толық ажыратуға мүмкіндік береді және тоңазытқыш пайдаланылмаған кезде электр энергиясының мүлдем тұтынылмауын қамтамасыз етеді. Осы функцияны пайдалану үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.

Құрылғыны өшіру үшін

Қосу/Өшіру қосқышын «Off» күйіне ауыстырыңыз.
(Қосқыш «Off» күйіне орнатылған кезде, тоңазытқыш электр желісінен толық ажыратылады.)

Осы күйде:

1. Барлық функциялар (салқындату және жарықтандыру) және келесі компоненттер өшіріледі:
- Компрессор
- Конденсатор желдеткіші
- Ішкі жарық шамы

2. Құрылғы электр энергиясын тұтынбайды.

Күту режимі қосқышын қашан пайдалану керек

Күту режимі қосқышын ұзақ демалыс кезінде немесе құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын жағдайда электр энергиясының тұтынылуын болдырмау үшін пайдаланыңыз. Құрылғы өшірілген кезде тоңазытқыш ішіндегі температура көтеріледі. Тағамдардың бұзылуын болдырмау үшін барлық азық-түлікті алып тастаңыз.

3.2 Температура параметрлері туралы ескертулер

- Құрылғы ақпараттық белгішедекөрсетілген климат класына сай стандарттардағы қоршаған орта температурасының диапазонында жұмыс істеуге арналған. Тоңазытқышты аталған температура диапазонынан тыс пайдаланбаған жөн. Ол құрылғының салқындату тиімділігін төмендетеді.
- Температураны есіктің ашылу жиілігіне, құрылғы ішіндегі азық-түлік көлеміне, құрылғыңыз орналасқан қоршаған орта температурасына қарай реттеу керек.
- Бірінші рет қосу кезінде құрылғы жұмыс температурасына дейін қызуы үшін 24

сағат жұмыс істетіңіз. Осы аралықта есікті ашпаңыз және ішіне көп тағам салмаңыз.

- Бес минуттық кідіріс функциясы құрылғыңыз желіге қосылғанда немесе одан ажырағанда, қорек көзі істен шыққанда компрессордың зақымдануын болдырмау мақсатында қолданылады. Құрылғыңыз бес минуттан соң қалыпты жұмысын жалғастырады.

Климат класы және мағынасы:

T (тропикалық): Бұл тоңазытқыш құрал 16 °C және 43 °C аралығындағы қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған.

ST (субтропикалық): Бұл тоңазытқыш құрал 16°C және 38°C аралығындағы қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған.

N (температура): Бұл тоңазытқыш құрал 16°C және 32°C аралығындағы қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған.


SN (Ұзартылған температура): Бұл тоңазытқыш құрал 10°C және 32°C аралығындағы қоршаған орта температурасында пайдалануға арналған.

3.3 Аксессуарлар

Құрылғының үлгісіне қарай аксессуарлар бөліміндегі көрнекілік және мәтіндік сипаттамалар әр түрлі болуы мүмкін.

3.3.1 Мұз науасы *(кейбір үлгілерде)*

- Мұз науасын сумен толтырыңыз және мұздатқыш бөліміне қойыңыз.
- Су мұзға толығымен айналғаннан кейін, мұз текшесін алу үшін науаны төменде көрсетілгендей айналдыруға болады.



4 АЗЫҚ-ТҮЛІКТІ САҚТАУ

4.1 Тоңазытқыш бөлімі

- Ылғалдылықты азайту үшін және қыраудың одан әрі түзілуін болдырмау үшін, сұйықтықтарды үнемі жабық контейнерлерде сақтаңыз. Қырау әдетте буландырғыштың ең суық бөлімінде шоғырланады, және уақыт өте келе мұзды жиірек ерітуді қажет ететін болады.
- Құрылғының артқы қабырғасына ешбір заттың тимей тұрғанын тексеріңіз, себебі қырау жиналып орамаға жабысып қалуы мүмкін. Тоңазытқыш есігін тым жиі ашуға болмайды.
- Ет пен таза балық көкөністер жәшігінің үстіндегі шыны сөреге кең орамаға оралып сақталуын ұсынамыз, себебі онда ауа салқынырақ болғандықтан, тамақ жақсы сақталады.
- Жемістер мен көкөністерді бөлек сақтау этиленге сезімтал көкөністерге (жасыл жапырақтар, брокколи, сәбіз т.б.) этилен шығаратын жемістердің зиян тигізуін болдыртпайды (банан, шабдалы, өрік, інжір т.б.).
- Дымқыл көкөністерді тоңазытқышқа салмаңыз.
- Барлық азық-түлік өнімдерінің сақталу уақыты тоңазытқышқа сақтағанға дейін, азық- түліктің бастапқы сапасына және үздіксіз тоңазытқыш айналымына байланысты.
- Еттен ағатын су тоңазытқыштағы басқа тамақтары зақымдауы мүмкін. Ет өнімдерін орамаға салу керек, және сөрелердегі аққан суларды тазалау керек.
- Тамақты ауа өтетін каналдың алдына қоймаңыз.
- Оралған тамақтарды сақтау мерзімі аяқталғанға дейін бітіріңіз.

Тоңазытқыш бөлімдегі температура оңтайлы болуы үшін азық-түлік өнімдерінің тоңазытқыш бөлімде орналасқан температура датчигіне тиюіне жол бермеңіз.

- Ыстық тағамды бірден тоңазытқышқа салмаңыз, температура шығарылғанша күтіңіз. Ыстық тағамдар сіздің тоңазытқышыңыздың температурасын көтереді және тағамнан улануға және тағамның қажетсіз бүлінуіне алып келеді.
- Ет, балық және т.б. тағамның салқындатқыш бөлімінде сақталуы керек, ал көкөністер көкөністерге арналған бөлімде сақталуы керек (болса)
- Тағамдар бұзылмас үшін ет өнімдері мен жеміс-жидек көкөністерін бірге сақтамайды.

Төменде берілген кесте негізгі тамақ топтарын тоңазытқышта сақтаудың ең тиімді жолдары туралы жылдам нұсқау болып табылады.

Азық-түлік	Ең көп сақтау мерзімі	Қалай және қай жерде сақтау
Жемістер және көкөністер	1 апта	Көкөністер жәшігі
Ет және балық	2-3 күн	Пластик фольгаға, қалтарларға немесе ет контейнерлеріне салып, шыны сөреде сақтаңыз.
Балғын ірімшік	3-4 күн	Арнайы есік сөресінде
Май және маргарин	1 апта	Арнайы есік сөресінде
Бөтелкедегі өнім, сүт және йогурт	Өндіруші ұсынатын біту мерзіміне дейін	Арнайы есік сөресінде
Жұмыртқалар	1 ай	Арнайы есік сөресінде
Пісірілген тамақ	2-4 күн	Барлық сөрелер

ЕСКЕРТПЕ:

Картоп, пияз және сарымсақ тоңазытқышта сақталмауы керек.

4.2 Мұздатқыш бөлімі

- Мұздатқыш мұздатылған тамақты сақтау, жаңа піскен тамақты мұздату және мұз текшелерін жасау үшін қолданылады.
- Сұйық тағамды пластикалық шыныаяқтарда, ал басқа тағамдарды пластик фолио немесе пакеттерде қатыру керек. Балғын тағамдарды мұздату үшін; жаңа піскен тағамды орап, дұрыстап жауып тастаңыз, яғни қаптама ауа өткізбейтін және ағып кетпейтін болуы керек. Арнайы мұздатқыш қалталары, алюминий фольга полиэтилен қалталары және пластик контейнерлер ыңғайлы.
- Жаңа піскен тамақты мұздатылған тамақтың қасына қоймаңыз, себебі ол мұздатылған тамақты жібітіп жіберу мүмкін.
- Жаңа піскен тамақты мұздату алдында, оны бір отырғанда жеп бітіретіндей бөліктерге бөліңіз.
- Мұздатылған тамақты жібіткеннен кейін, аз уақыттың ішінде тауысу керек.
- Мұздатылған тамақты сақтау кезінде, әрқашанда өндірушінің нұсқауларын орындаңыз. Егер ешқандай ақпарат болмаса, тамақ сатып алған күннен бастап 3 айдан артық сақталмау керек.
- Мұздатылған тамақты сатып алған кезде, оның тиісті жағдайда сақталғанына және қаптаманың бүлінбегеніне көз жеткізіңіз.
- Мұздатылған тамақ тиісті контейнерлерде тасымалданып, мүмкіндігінше мұздатқышқа тез арада салыну керек.
- Егер қаптаманың сыртында ылғалдылық және жарылатындай белгілері болса, мұздатылған тамақты сатып алмаңыз. Бұл тамақтың қолайсыз температурада сақталғанын және оның құрамының нашарлағанын білдіреді.

- Мұздатылған азық-түлікті сақтау мерзімі бөлме температурасына, термостат параметріне, есіктің қаншалықты жиі ашылатынына, және өнімді дүкеннен үйіңізге жеткізу үшін қажетті уақытқа байланысты болады. Орамда басып шығарылған нұсқауларды үнемі орындап жүріңіз, және көрсетілген ең ұзақ сақтау мерзімінен асырмаңыз.
- Егер мұздатқыштың есігі ұзақ уақыт ашық тұрса немесе дұрыс жабылмаған болса, қырау қатады және ауа айналымының тиімді болуына жол бермейді. Мұны шешу үшін мұздатқышты розеткадан суырып, жібігенше күтіңіз. Мұздатқышты толық ерігеннен кейін тазалаңыз.
- Жапсырмада көрсетілген мұздатқыштың көлемі - бұл себеттерсіз, қақпақтарсыз және т.б есептелген.
- Еріген тамақты қайта мұздатпаңыз. Бұл сіздің денсаулығыңызға қауіп төндіруі мүмкін және тамақтан улану сияқты мәселелерді де тудыруы мүмкін.

ЕСКЕРТПЕ: Егер мұздатқыштың есігін жапқаннан кейін бірден ашқыңыз келсе, оның оңай ашылмайтынын байқайсыз. Бұл қалыпты жағдай. Тепе-теңдік орнағаннан кейін, есік оңай ашылады.

Төменде берілген кесте негізгі тамақ топтарын тоңазытқышта сақтаудың ең тиімді жолдары туралы жылдам нұсқау болып табылады.

Ет және балық	Дайындық	Ең көп сақтау мерзімі (айлар)
Стейк	Фольгаға орапыз	6 - 8
Қой еті	Фольгаға орапыз	6 - 8
Қуырылған бұзау еті	Фольгаға орапыз	6 - 8
Бұзау еті кесектері	Кішкентай бөліктермен	6 - 8
Қой еті кесектері	Бөліктермен	4 - 8
Фарш	Орамдарда, дәмдеуіштерсіз	1 - 3
Ішек-қарын (бөліктермен)	Бөліктермен	1 - 3
Болон сосискасы/ салями	Қабы болса да, орамға оралуы керек	
Тауық еті және күркетауық	Фольгаға орапыз	4 - 6
Қаз және үйрек	Фольгаға орапыз	4 - 6
Бұғы, қоян, жабайы қабан еті	2,5 кг үлестермен және филе түрінде	6 - 8
Тұщы су балығы (арқан балық, карп, тырна, жайын)	Балықтың ішек-қарны мен қабыршақтарын тазалағаннан кейін оны жуып, кептіріңіз. Қажет болса, құйрығы мен басып кесіп алыңыз.	2
Арық балық (теңіз алабұғасы, палтус, камбала)		4
Майлы балықтар (тунец, скумбрия, луфарь, анчоус)		2 - 4
Шаян тәрізділер	Тазартылған және қалтада	4 - 6
Уылдырық	Өзінің орамасында немесе алюминий не пластикалық контейнерде	2 - 3
Ұлулар	Тұзды суда, алюминий не пластикалық контейнерде	3
ЕСКЕРТПЕ: ЖІБІГЕН ҚАТҚАН ЕТ БАЛҒЫН ЕТ РЕТІНДЕ ДАЙЫНДАЛУ КЕРЕК. ЕГЕР ЕТ ЖІБІГЕННЕН КЕЙІН ДАЙЫНДАЛМАСА, ОНЫ ҚАЙТА МҰЗДАТПАУ КЕРЕК.		

Жемістер және көкөністер	Дайындық	Ең көп сақтау мерзімі (айлар)
Талшықты фасоль және фасольдер	Жуып, ұсақ бөліктерге кесіп, суға қайнатыңыз.	10 - 13
Фасоль	Қабығынан тазартып, жуып, суға қайнатыңыз.	12
Орамжапырақ	Тазартып суға қайнатыңыз.	6 - 8
Сәбіз	Тазартып, тілімдерге бөліп, суға қайнатыңыз.	12
Бұрыш	Сабағын қиып, екіге бөліп, өзегін алып тастаңыз, және суға қайнатыңыз.	8 - 10
Шпинат	Тазартып суға қайнатыңыз	6 - 9

Жемістер және көкөністер	Дайындық	Ең көп сақтау мерзімі (айлар)
Түсті капуста	Жапырақтарын алыңыз, өзегін бөліктерге бөліңіз және лимон суы бар суға салыңыз.	10 - 12
Баклажан	Жуғаннан кейін 2 см-лік бөліктерге бөліңіз	10 - 12

Жемістер және көкөністер	Дайындық	Ең көп сақтау мерзімі (айлар)
Жүгері	Тазалап, сабағымен немесе қант жүгерісі түрінде ораңыз	12
Алма және алмұрт	Қабығын аршып, бөліктерге бөліңіз	8 - 10
Өрік және шабдалы	Екіге бөліп, өзегін алып тастаңыз	4 - 6
Құлпынай және бүлдірген	Жуып, қабығын аршыңыз	8 - 12
Пісірілген жемістер	Контейнерге қанттың 10%-ін салыңыз.	12
Алхоры, шие, мүкжидек	Жуып, сабақтарын алыңыз	8 - 12

	Ең көп сақтау мерзімі (айлар)	Бөлме температурасында жібу уақыты (сағат)	Пеште жібу уақыты (сағат)
Нан	4 - 6	2 - 3	4-5 (220-225 °C)
Бисквит	3 - 6	1 - 1,5	5-8 (190-200 °C)
Ұн өнімдері	1 - 3	2 - 3	5-10 (200-225 °C)
Бәліш	1 - 1,5	3 - 4	5-8 (190-200 °C)
Қамыр	2 - 3	1 - 1,5	5-8 (190-200 °C)
Пицца	2 - 3	2 - 4	15-20 (200 °C)

Сүт өнімдері	Дайындық	Ең көп сақтау мерзімі (айлар)	Сақтау шарттары
Пакеттегі (Гомогенді) сүт	Өз пакетінде	2 - 3	Қаймағы алынбаған – Өз пакетінде
Ірімшік-ақ ірімшікті қоспағанда	Тілімдермен	6 - 8	Бастапқы орамасы қысқа мерзімге сақтау үшін пайдаланылуы мүмкін. Ұзақ мерзімге сақтау үшін фольгаға орап салыңыз.
Май, маргарин	Өз пакетінде	6	

5 ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Тазалау алдында құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.

Құрылғыға су құйып тазаламаңыз.


Абразивтік өнімдерді, жуғыш заттарды немесе сабындарды пайдаланбаңыз. Жуып болған соң, таза сумен шайыңыз және мұқият кептіріңіз. Тазалап болған соң, қосқышты қуат көзіне құрғақ қолмен қосыңыз.

- Шам корпусына және басқа электр элементтеріне судың кірмеуін қамтамасыз етіңіз.
- Құрылғыны натрий бикарбонатының және жылы судың ерітіндісін пайдаланып тұрақты түрде тазалап тұру керек.
- • Аксессуарларды сабынмен және сумен бөлек тазалаңыз. Аксессуарларды ыдыс-аяқ жуатын машинамен жумаңыз.
- Конденсаторды щеткамен жылына екі рет жуыңыз. Бұл энергия шығынын азайтуға және өнімділікті арттыруға көмектеседі.

Тазалау кезінде қуат көзі өшірілу керек.

5.1 Еріту

Тоңазытқыш бөлімінде мұз еріту




- Жұмыс істеу барысында, тоңазытқыш бөлімінде еріту автоматты түрде орындалады. Су буландырғыш науасында жиналады және автоматты түрде буланады.
- • Су тасып төгілмес үшін, оның тоңазытқыштың астыңғы бөлімінде жиналуына жол бермеу үшін, буландырғыш науаны және су ағызу саңылауын мерзімді түрде тазалап тұру керек.
- Су ағызу саңылауын, оған жарты стақан су құйып тазалауға болады.

Мұздатқыш камераны еріту процесі

- Есіктің қанша уақыт ашық қала алатынына немесе ішке кірген ылғал көлеміне байланысты мұздатқыш камераның ішіне қырау қатуы мүмкін. Есік нығыздауышының мықтап жанасуына әсер етуі мүмкін орындарда қырау немесе мұз қатпауын қадағалау керек. Бұл шкафқа ауаның кіруіне әсер етуі мүмкін, сол арқылы компрессордың үздіксіз жұмыс істеуін ынталандырады. Қалың қатпаған мұздарды щеткамен немесе пластик қалақшамен кетіруге болады. Еріту жеделжету үшін металл немесе

үшкір қалақшаларды, механикалық құралдарды немесе тағы да басқа құрылғыларды пайдаланбаңыз. Шкаф түбіне түсірілген барлық қырауды жинап тазалаңыз. Білінер-білінбес қырауды тазарту үшін құрылғыны өшірудің керегі жоқ.

- Қалың қатқан мұз бен қырауды тазалау үшін құрылғыны электр желісінен ажыратып, ішіндегіні картон қораптарға салып, салқын күйінде ұстау үшін қалың көрпеге немесе бірнеше қабат қағазға орап қойыңыз. Еріту процесі мұздатқыш камера бос болғанда тезірек және тиімдірек жүреді, сонымен бірге ішіндегі өнімдердің температурасы көтеріліп кетпес үшін процесті барынша тез аяқтауға тырысу керек.
- Еріту жеделжету үшін металл немесе үшкір қалақшаларды, механикалық құралдарды немесе тағы да басқа құрылғыларды пайдаланбаңыз. Қатырылған өнімдердің мұздатқыш камераны еріту кезінде температурасының көтерілуі олардың сақталу мерзімін қысқартады. Еріту кезінде мұздатқыш камерадан шығарылған өнімдерді салқын және оралған күйінде ұстаңыз.



- Бөлімді губкамен немесе таза шүберекпен кептіріңіз.
- Еріту процесін тездету үшін мұздатқыш бөлімінде бір немесе бірнеше жылы су ыдысын қоюға болады.
- Өнімдерді камераға қайта салу кезінде еріп кеткендерді байқасаңыз, оларды 24 сағат ішінде тұтыну немесе қайтадан қатыру керек.
- Еріткеннен кейін құрылғының ішін сода бикарбонаты қосылған сумен жуып алыңыз да, әбден құрғатыңыз. Дәл осылай барлық бөлшектерді жуып, орнына жинаңыз. Құрылғыны қайтадан электр желісіне қосып, мұздатқыш камераға азық-түлікті қайта салмас бұрын 2-3 сағат MAX мәнінде жұмыс істетіңіз.

LED жарығын ауыстыру

LED-терді ауыстыру үшін, жақын орналасқан Өкілетті Қызмет Көрсету Орталығына жолығыңыз.

Ескертпе: Үлгісіне қарай, LED жолақтарының саны мен орналасатын жері әр түрлі болуы мүмкін.

6 ЖЕТКІЗУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ОРНАЛАСТЫРУ

6.1 Тасымалдау және Орнын ауыстыру

- Бастапқы орамды және көбікті қайта тасымалдау үшін сақтауға болады (таңдау бойынша).
- Мұздатқышты қалың ораммен, жіппен не мықты сыммен бекітіңіз және қайта тасымалдау үшін орамдағы тасымалдау нұсқауларын орындаңыз.
- Қайта орналастыру немесе тасымалдау кезінде алынатын бөліктерін алып тастаңыз немесе амортизаторға қарама-қарсы қойып құрылғыға жіп арқылы байлаңыз.

Мұздатқышты жоғарғы оң жақ позицияда тасымалдаңыз.

7 САТУДАН КЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНА ҚОҢЫРАУ ШАЛУ АЛДЫНДА

Егер **құрылғыныз**та ақау пайда болса, сатып алудан кейінгі қызмет көрсету орталығына телефон шалмастан бұрын келесіні тексеріңіз.

Құрылғыңыз жұмыс істемейді

Мыналарды тексеріңіз:

- Қуат көзі бар ма?
- Қосқыш ұяға дұрыс тығылған
- Қосқыш сақтандырғыш немесе қуат көзі сақтандырғышы бұзылған ба?
- Ұяда ақау бар ма? Мұны тексеру үшін жұмыс істеп тұрған басқа құрылғыны сол ұяға тығып көріңіз.

Құрылғы нашар жұмыс істейді

Мыналарды тексеріңіз:

- Құрылғы тым жүктелген
- Құрылғының есігі дұрыс жабылған
- Конденсаторда шаң жоқ
- Артқы және бүйірлік қабырғаларда жеткілікті орын бар ма.

Құрылғыңыз шуылдап жұмыс істеп тұр ма

Қалыпты шуылдар

Шертпек шуылы:

- Автоматты еріту кезінде.
- Құрылғы суытылғанда, не жылытылғанда (құрылғы материалы кеңеюі кезінде).

Жарылу (Мұз жарылуы) шуылы болуы мүмкін: Термостат компрессорды қосқанда/өшіргенде естіледі.

Қалыпты мотор шуылы: Бұл шуыл компрессордың қалыпты жұмыс істейтінін білдіреді. Компрессор іске қосылған кезде, қысқа уақытқа көбірек шуыл тудыруы мүмкін.

Дырылдау және шашырау: Бұл шуыл суытқыштың жүйе түтіктерінде қозғалысынан туындайды.

Судың ағуы кезінде болатын шуыл: Булану контейнеріне су аққан кезде естіледі. Мұзды еріту кезінде бұл қалыпты шуыл.

Ауаның үрленуі кезінде болатын шуыл: Кейбір үлгілерде ауа айналымына байланысты, жүйенің қалыпты жұмысы барысында естіледі.

Есіктің іргесіне тиіп тұрған құрылғының жақтаулары жылы

Әсіресе жаз кезінде (жылы мезгілдерде), компрессор жұмыс істеп тұрған кезде, есікпен түйіскен беттер жылы болуы мүмкін, бұл қалыпты жағдай.

Құрылғыңызын ішінде ылғалдылық жиналып қалса,

Мыналарды тексеріңіз:

- Барлық тамақтар дұрыс оралған ба. **Құрылғыңызта** салмастан бұрын, контейнерлер құрғатылған.
- **Құрылғының** есігі жиі ашылады. Бөлме ылғалдылығы есік ашық болғанда, **құрылғыға** енеді. Бөлменің ылғалдылығы әсіресе жоғары болса, есік жиі ашылған сайын ылғалдылық та тез артады.

Есік дұрыс ашылмайды не жабылмайды.

Мыналарды тексеріңіз:

- Азық-түлік не орама есіктің жабылуына кедергі емес.
- Есік түйіспелері сынған не жыртылған.
- **Құрылғыңыз** тегіс бетке қойылған.

Компрессор қатты жұмыс істеуі мүмкін немесе белгілі бір жағдайларда жұмыс кезінде кейбір модельдерде компрессордың/тоңазытқыштың шуы өнімнің қоршаған орта температурасының немесе пайдаланудың өзгеруіне байланысты күшейуі мүмкін. Бұл қалыпты жағдай; тоңазытқыш қажетті температураға жеткенде шуы автоматты түрде төмендейді.

Ұсыныстар

- Егер құрылғы өшсе, немесе қуат көзінен ажыратылса, компрессорға зақым келмес үшін, құрылғыны қоспастан бұрын кем дегенде 5 минут күте тұрыңыз.
- Егер құрылғы ұзақ уақытқа (мысалы,жазғы демалыстарда) пайдаланбайтын болсаңыз, оны суырыңыз. Құрылғыны «Тазарту» тарауына сәйкес тазартыңыз және ылғал мен иісті сіңірмеу мақсатында есікті ашық қалдырыңыз.
- Жоғарыда аталған нұсқамаларды орындағаннан кейін де мәселе шешілмесе, жақын маңдағы сервистік орталыққа көмекке жүгініңіз.
- Сіз сатып алған тауар тек үй жағдайында пайдалануға арналған. Ол коммерциялық немесе жалпы пайдалану үшін жарамсыз. Тұтынушы құрылғыны соған сай пайдаланбаса, өндіруші мен сатушы кепілдік мерзімі ішіндегі жөндеу жұмыстары немесе анықталған ақауларға жауап бермейтінін ескертеміз.

8 Қуатты үнемдеу туралы кеңестер

1. Құрылғыны салқын, жақсы желдетілген бөлмеге, алайда тікелей күн сәулесі түсетін жерге немесе жылу көзіне жақын жерге (мысалы радиатор немесе духовка) қоймаңыз, ал қойсаңыз оқшаулағыш тақтайды қолданыңыз.
2. Жылы тамақ пен сусындарды құрылғыға қоймастан бұрын салқындатыңыз.
3. Егер бар болса, еріп тұрған тамақты тоңазытқыш бөліміне салыңыз. Қатырылған тамақтың төмен температурасы еріп жатқанда, тоңазытқыш бөлімін салқындатуға көмектеседі. Бұл энергияны үнемдейді. Құрылғының сыртында жібуге қалған тамақ энергия шығынына алып келеді.
4. Сусындар мен басқа сұйықтықтар құрылғының ішінде, жабылып сақталу керек. Егер ашық қалса, құрылғының ішінде ылғалдылық артып, нәтижесінде энергия көп жұмсалады. Сусындар мен басқа сұйықтықтардың бетін жабу арқылы олардың иісі мен дәмі сақталады.
5. Есіктерді ұзақ уақыт бойы ашық қалдырмаңыз, және есіктерді жиі ашпауға тырысыңыз, себебі жылы ауа құрылғының ішіне енсе, компрессор орынсыз жиі қосылуға мәжбүр болады.
6. Температурасы әр түрлі бөлімдердің беттерін жабық сақтауға тырысыңыз (мысалы жемістер мен көкөністер бөлімі және салқындатқыш).
7. Есік тығыздағышы таза және иілгіш болуы керек. Тозған жерлерін байқасаңыз, төсемін алмастыру қажет.

Дата производства изделия указана в технической таблице, расположенной на корпусе изделия.

Изготовлено по заказу: ООО «МАУНФЕЛД РУС», РФ,
123182, г. Москва, ул. Щукинская, д. 2, эт. 1, пом. 170, каб. 1.
info@maunfeld.ru
тел. :+7 (800) 700-91-37

Дистрибьютор на территории Республики Беларусь: ООО «МАУНФЕЛД БАЙ», РБ,
Минская обл., Минский р-н, Щомыслицкий с/с,
район д. Антонишки, д. 92, корп. 1, пом. 4.
info@maunfeld.by

Поставщик и организация, уполномоченная на принятие претензий по качеству продукции на территории Республики Казахстан / Жеткізуші / Қазақстан Республикасында өнім сапасы бойынша наразылықтарды қабылдайтын ұйым:
ЖШС (ТОО) "Маунфелд Кз". УПН 230840027423
Адрес / Мекенжай: 010002, Қазақстан Республикасы (Республика Казахстан), Астана қ. (г. Астана), Есіл ауданы, Ұлы Дала даңғылы, 56/2 үй (р-н Есиль, проспект Улы Дала, д. 56/2).
info@maunfeld.kz; тел.: +7 771 200 77 99
service@maunfeld.kz; тел.: +7 777 522 30 78

Произведено в Турции
Изготовитель: "VESTEL Ticaret A.S."
Адрес: ORGANIZE SANAYI BOLGESI, 45030 MANISA тел: (+90) 2362263000

Импортер: ООО «ВЕСТЕЛЬ ТРЕЙД»
127083, Россия, г. Москва, ул. 8 Марта, 14

По всем вопросам технического обслуживания, приобретения аксессуаров, а также по вопросам, связанным с региональным сервисным обслуживанием техники MAUNFELD просим вас обращаться в ближайшую авторизованную сервисную службу.
Наши специалисты помогут вам в кратчайшие сроки. Список сервисных центров смотрите на сайте: **www.maunfeld.ru**

МЕНЯЕМ ЖИЗНЬ ВОКРУГ

Больше информации на сайте

52589616

Производитель оставляет за собой право без предварительного уведомления покупателя вносить изменения в конструкцию и комплектацию изделия, а также в инструкцию по эксплуатации.

MAUNFELD